|  | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|--|-----------------------------------|--------------------------------------|
| Саудалық дебиторлық берешек                          | 19,059,355                        | 75,711,847                           |
| Байланысқан тараптардың саудалық дебиторлық берешегі | 7,014,309                         | 5,468,241                            |
| Күмәнді борыш бойынша сақтық қор                     | 26,073,664<br>(849,164)           | 81,180,088<br>(630,827)              |
|  | <b>25,224,500</b>                 | <b>80,549,261</b>                    |
| Басқа дебиторлық берешек                             | 2,566                             | 1,622                                |
| Байланысқан тараптардың басқа дебиторлық берешегі    | 128,771                           | 79,522                               |
|  | 131,337                           | 81,144                               |
|  | <b>25,355,837</b>                 | <b>80,630,405</b>                    |

### 23. ТҮПКІ БАҚЫЛАУШЫ ТАРАПҚА БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

2010 ж. мамыр айында түпкі бақылаушы тараптың нұсқауы бойынша Компанияға әлеуметтік жоба – Астана қаласында оқушылардың шығармашылық сарайын (бұдан әрі – «Объект») салу жүктелген еді.

Компания Объект салу жөніндегі өзінің міндеттемесін орындады. Астана қ. Әкімдігінің қаулысына сәйкес, Компания Объектіні Астана қ. коммуналдық меншігіне берді. 2013 ж. 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде осы Объекті бойынша Топ міндеттемесі аяқталуының нәтижесінде Топ теңгерімнен активті және 22,800,818 мың теңге сомасындағы бұрын есептелінген міндеттемені есептен шығарды.

### 24. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

|  | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|--|-----------------------------------|--------------------------------------|
| <i>Ұзақ мерзімді</i>                       |                                   |                                      |
| Ұзақ мерзімді активтерге берілген аванстар | 9,067,037                         | 21,305,745                           |
| Ұзақ мерзімдік тауарлы-материалдық қорлар  | 8,572,984                         | 8,765,218                            |
| Пайдалануға шектеулі ақшалай қаражаттар    | 5,977,148                         | 5,984,115                            |
| Өтеуге арналған ҚҚС                        | 3,567,326                         | 4,498,844                            |
| Қызметкерлерге берілген қарыздар           | 2,169,388                         | 2,057,384                            |
| Болашақ кезеңдердің шығыстары              | 1,045,955                         | 1,262,142                            |
| Алуға арналған сыйақы                      | 5,047,965                         | -                                    |
| Басқалары                                  | 6,361                             | 6,835                                |
|  | <b>35,454,164</b>                 | <b>43,880,283</b>                    |

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
 (АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

| <i>Ағымдағы</i>   | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|---|-----------------------------------|--------------------------------------|
| Алуға арналған дивидендтер  | 19,876,758                        | -                                    |
| Тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар                               | 4,038,838                         | 3,518,219                            |
| Болашақ кезендердің шығыстары   | 1,379,163                         | 1,111,216                            |
| Сақтандыру бойынша алдын-ала төлеу  | 342,035                           | 292,008                              |
| Басқа байланысқан тараптарға тауарлар мен қызметтері үшін берілген аванстар | 160,214                           | 218,014                              |
| Кіріс салығынан басқа салықтар бойынша алдын-ала төлеу                      | 105,410                           | 127,157                              |
| Басқалары   | 1,749,120                         | 1,254,089                            |
|   | <b>27,651,538</b>                 | <b>6,520,703</b>                     |

### 25. ҚОРЛАР

| <i>Қысқа мерзімді</i>                          | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|--|-----------------------------------|--------------------------------------|
| Қайта сатуға арналған дайын өнім және тауарлар | 43,896,686                        | 32,653,399                           |
| Аяқталмаған өндіріс                            | 12,647,829                        | 12,972,307                           |
| Шикізат және материалдар                       | 10,504,166                        | 11,050,405                           |
| Отын   | 984,764                           | 988,217                              |
| Қосалқы бөлшектер                              | 1,128,745                         | 975,717                              |
| Өңдеудегі материалдар                          | 189,205                           | 512,342                              |
| Басқа материалдар                              | 2,385,707                         | 1,961,291                            |
|  | <b>71,737,102</b>                 | <b>61,113,678</b>                    |
| Бұрынғы қорларға резерв                        | (714,056)                         | (734,017)                            |
| <b>Барлық қорлар</b>                           | <b>71,023,046</b>                 | <b>60,379,661</b>                    |

2013 ж. 30 маусымындағы және 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша, Топтың қорлар түріндегі кепілге берген мүлігі болған жоқ.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

### 26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

|                       | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|-----------------------|-----------------------------------|--------------------------------------|
| <i>Ұзақ мерзімді</i>  |                                   |                                      |
| «Қызылқұм» ЖШС        | 8,042,442                         | 7,698,391                            |
| «Байкен-У» ЖШС        | 5,829,596                         | 5,579,228                            |
| «Семізбай-У» ЖШС      | 4,843,000                         |                                      |
|                       | <b>18,715,038</b>                 | <b>13,277,619</b>                    |
| <i>Қысқа мерзімді</i> |                                   |                                      |
| «КРКАС» БК АҚ         | 20,000                            | 20,000                               |
|                       | <b>20,000</b>                     | <b>20,000</b>                        |

Топ қаржылық көмек көрсету мақсатында 2010 ж. қыркүйек және желтоқсан айларында, Топтың иелену үлесі бар «Қызылқұм» ЖШС және «Байкен У» ЖШС кәсіпорындарына пайызды ұзақ мерзімді кредиттер берді. Осы қарыздар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін кепілге кәсіпорындардың мүлкі алынды. «Қызылқұм» ЖШС Топтың қауымдастырылған компаниясы болып табылады, сондай-ақ Топ «Байкен У» ЖШС-тің 5% ие.

Компания 2012 жылдың қыркүйек айында «Семізбай-У» ЖШС-ке бес жылдық кредит берді. «Семізбай-У» ЖШС-тің осы кредиты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін кепілге мүлік алынды. Кредит 2014 ж. басынан бастап 1,210,750 мың теңге мөлшерінде тең үлесте төлеуге жатады.

### 27. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ

|                              | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|------------------------------|-----------------------------------|--------------------------------------|
| Банктағы шоттар              | 44,073,550                        | 37,086,677                           |
| Талап етілетін салымдар      | -                                 | 831,662                              |
| Кассадағы ақшалай қаражаттар | 103,723                           | 120,566                              |
|                              | <b>44,177,273</b>                 | <b>38,038,905</b>                    |

### 28. КАПИТАЛ

#### (а) Акционерлік капитал

|  | Жай<br>акциялар<br>2013 ж.<br>30 маусым | Жай<br>акциялар<br>2012 ж.<br>31 желтоқсан |
|--|---|--|
| Атаулы құны  | 1,000 теңге                             | 1,000 теңге                                |
| Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны | 36,692,362                              | 36,692,362                                 |
|  | <b>36,692,362</b>                       | <b>36,692,362</b>                          |

Компанияның барлық акцияларына дивидендтерді бөлу жөніндегі шешімді қабылдайтын жалғыз және түпкілікті тарап болып табылатын «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ ие.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

### 29. КРЕДИТТЕР МЕН ҚАРЫЗДАР

|  | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|--|-----------------------------------|--------------------------------------|
| <i>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</i>         |                                   |                                      |
| Шығарылған облигациялар                    | 75,307,143                        | 74,740,067                           |
| Қамсыздандырылған банк кредиттері          | 15,681,532                        | 19,336,629                           |
| Қамсыздандырылмаған банктік емес кредиттер | 261,733                           | 251,515                              |
|  | <b>91,250,408</b>                 | <b>94,328,211</b>                    |
| <i>Қысқа мерзімді міндеттемелер</i>        |                                   |                                      |
| Қамсыздандырылған банк кредиттері          | 17,453,569                        | 11,168,438                           |
| Қамсыздандырылмаған банктік кредиттер      | 10,492,998                        | 1,062,903                            |
| Шығарылған облигациялар                    | 527,993                           | 533,524                              |
| Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер   | -                                 | 6,329                                |
| Қамсыздандырылмаған банктік емес кредиттер | 87,053                            | 1,252,427                            |
|  | <b>28,561,613</b>                 | <b>14,023,621</b>                    |

#### (а) Облигациялар

2010 ж. 20 мамырда Топ 6.25% жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2015 жылы өтеу мерзімімен негізгі борыштың 500,000,000 АҚШ долл. сомасына облигациялар шығарды. Облигациялар бойынша купондық сыйақылар жыл сайын 20 қарашада және 20 мамырда жартыжылдық негізде төленуге тиісті.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2013 ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕЛМЕГЕН (АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)**

**30. РЕЗЕРВТЕР**

| мың теңге  | Кәсіптік аруулармен байланысты өтемақылар төлеуге арналған резерв | Қоршаған ортаға арналған резерв | Кен орындарын қалпына келтіруге арналған резерв | Әлеуметтік объект салу міндеттемесіне арналған резерв | Өзгелері      | Барлығы           |
|--|---|---------------------------------|---|---|---------------|-------------------|
| <b>2013 ж. 1 қаңтарына</b>                       | 441,548   | 1,160,859                       | 9,221,418                                       | -   | 19,671        | 10,843,496        |
| <b>Ұзақ мерзімдік</b>                            | 95,251  | -                               | -   | 22,800,818  | -             | 22,896,069        |
| <b>Қысқа мерзімдік</b>                           | 536,799   | 1,160,859                       | 9,221,418                                       | 22,800,818  | 19,671        | 33,739,565        |
| <b>Жыны</b>                                      | 139,290   | -                               | 270,663   | -   | 588           | 410,541           |
| Кезең ішінде жасалған резервтер                  | -   | -                               | -   | -   | -             | (22,800,818)      |
| Қаржы міндеттемелеріне шығып қалу ( 23-Ескерту ) | 23,663  | 40,630                          | 321,630   | -   | 318           | 386,241           |
| Дисконтты босату                                 | (48,048)  | -                               | -   | -   | -             | (48,048)          |
| Кезең ішінде пайдаланған резервтер               | -   | -                               | 68  | -   | -             | 68                |
| Курс айырмашылықтары                             | -   | -                               | -   | -   | -             | -                 |
| <b>2013 ж. 30 маусымына</b>                      | <b>651,704</b>  | <b>1,201,489</b>                | <b>9,813,779</b>                                | <b>-</b>  | <b>20,577</b> | <b>11,687,549</b> |
| Оның ішінде:                                     |   |                                 |   |   |               |                   |
| <b>Ұзақ мерзімдік</b>                            | <b>602,713</b>  | <b>1,201,489</b>                | <b>9,813,779</b>                                | <b>-</b>  | <b>20,577</b> | <b>11,638,558</b> |
| <b>Ағымдағы</b>                                  | <b>48,991</b>   | <b>-</b>                        | <b>-</b>  | <b>-</b>  | <b>-</b>      | <b>48,991</b>     |

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

### 31. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

|  | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|--|-----------------------------------|--------------------------------------|
| <b>Ұзақмерзімдік</b>                                 |                                   |                                      |
| Саудалық кредиторлық берешек                         | 2,899,010                         | 2,815,395                            |
| <b>Ағымдағы</b>                                      |                                   |                                      |
| Байланысты тараптардың саудалық кредиторлық берешегі | 18,278,708                        | 35,547,556                           |
| Саудалық кредиторлық берешек                         | 13,121,533                        | 14,020,324                           |
|  | <b>31,400,241</b>                 | <b>49,567,880</b>                    |
| Байланысты тараптардың өзге кредиторлық берешегі     | 1,724                             | 1,740                                |
| Басқа кредиторлық берешек                            | 556,256                           | 563,915                              |
|  | <b>557,980</b>                    | <b>565,655</b>                       |
|  | <b>31,958,221</b>                 | <b>50,133,535</b>                    |

Саудалық кредиторлық берешек негізінен тауарлық-материалдық қорлар мен қызмет көрсетулерді саудалық сатып алу жөніндегі берешектердің қалдығынан, және ағымдағы шығыстардан тұрады. Саудалық сатып алу бойынша орташа кредиторлық кезең 60 күнді құрайды.

### 32. ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

|   | 2013 ж.<br>30 маусым<br>мың теңге | 2012 ж.<br>31 желтоқсан<br>мың теңге |
|---|-----------------------------------|--------------------------------------|
| <b>Ұзақмерзімдік</b>  |                                   |                                      |
| Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер                         | 1,936,007                         | 2,474,691                            |
| Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер                             | 1,682,266                         | 2,057,626                            |
| Алдағы кезеңге жатқызылатын кіріс                             | 486,209                           | 106,706                              |
| Артықшылықты акцияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелер | 264,827                           | 264,827                              |
| Демалыс және өзге сыйақылар бойынша резерві                   | 149,645                           | 149,645                              |
|   | <b>4,518,954</b>                  | <b>5,053,495</b>                     |
| <b>Қысқа мерзімдік</b>  |                                   |                                      |
| Алынған аванстар  | 3,733,932                         | 1,800,245                            |
| Қызметкерлердің демалыс және өзге сыйақылар бойынша резерві   | 2,652,027                         | 2,853,208                            |
| Жалақы бойынша берешек  | 2,230,871                         | 2,199,041                            |
| Байланысты тараптардан алынған аванстар                       | 1,369,132                         | 892,072                              |
| Әлеуметтік жарналар   | 443,783                           | 686,706                              |
| Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер                         | 382,906                           | 410,354                              |
| Төлеуге арналған дивидендтер                                  | 295,580                           | 155,604                              |
| Байланысты тараптарға төленетін дивидендтер                   | -                                 | 11,750,664                           |
| Басқа ағымдағы міндеттемелер                                  | 166,377                           | 526,809                              |
|   | <b>11,274,608</b>                 | <b>21,274,703</b>                    |

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

---

### 33. ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ІСТЕН ШЫҒУЫ МЕН БАҚЫЛАУДЫ ЖОҒАЛТҚАНМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТРАНЗАКЦИЯЛАР

2008 ж. Топ Beijing Sino-Kaz Uranium Resources Investment Company Limited («Sino-Kaz») компаниясымен «Семізбай-U» ЖШС-тегі («Семізбай-U» ЖШС ) 49% қатысу үлесін сату туралы Келісім («Келісім») жасасты.

Келісім Sino-Kaz-ға 2010-2033 жж. кезеңдерде «Семізбай-U» ЖШС-тің жыл сайынғы таза кірісін ең аз мөлшерде бөлуге құқық беретін. Компания осы төлемдерді төлеуге кепіл берді. Осы міндеттеме келісім жасасқан күндегі әділ құны бойынша бағаланды, содан кейін – амортизирленген бойынша бағаланды.

Топтың «Семізбай-U» ЖШС-тегі қатысу үлес иелігінен айыру Қазақстан Республикасының реттеуші органының рұқсатын талап етті, бұл шарттың талабы болып табылады.

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасыны Үкіметінің қаулысы алынған жоқ. 2012 ж. Топ «Sino-Kaz» компаниясымен Семізбай-U-ғы 49% үлесін сатып алу-сату мәміле шарттарын қайта қарау туралы Бітімгершілік келісімді жасасты. Осы Бітімгершілік келісімнің тиісті шарттары мына тармақтар болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 30 мамырдағы тиісті қаулысы;
- Тараптар Семізбайдағы 49% үлестің әділ құнын қайта қарауға уәделесті. Осы шарттың нәтижесінде Топ 2013 ж. 7 маусымда бастапқы келісімшарттық міндеттемелер мен «Семізбай-U» ЖШС-тің 49% қатысу үлесінің әділ нарықтық құнының арасындағы 132 млн. доллар мөлшеріндегі (баламалар- 19,972,920 мың теңге) айырмашылықты төледі;
- Тараптар «Семізбай-U» ЖШС-ке 2012 ж. бастап 2033 ж. аралығындағы кезеңдер үшін төлеуге жататын кепіл берілген минималды дивидендтерді жоюға келісті. 2013 ж. 30 мамырдағы жағдай бойынша қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құны 308 миллион АҚШ долл. (баламалар 46.7 млрд. теңгеде) тең болды. Топ минималды дивидендтерді жоюды қаржы міндеттемелерін өтеу ретінде есептеді.

Бітімгершілік келісімнің шарттарын орындаудың нәтижесінде, Топ «Семізбай-U» ЖШС-тің қызметін бір жақты тәртіпте басқару мүмкіндігін жоғалтып алды; шешімдерді қабылдау енді «Sino-Kaz»-пен бөліседі. Топ минималды кепіл берілген дивидендтерді жоюды қаржы міндеттемелерін өтеу ретінде есептеді. Нәтижесінде Топ «Семізбай-U» ЖШС-ге инвестицияларды шоғырландырудан шығарды да, қалған иелену үлесті бақылауды жоғалтқан кездегі әділ құны бойынша таныды.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

Осы операциялардың нәтижесінде Топ жиынтық кіріс туралы есеп беруде 23,929,927 мың теңге мөлшердегі кірісті таныды. «Семізбай-У» ЖШС-ті сатудан болған әсер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мынадай тәртіпте танылды:

| Ұзақ мерзімді активтер   | МЫҢ ТҒ.           |
|--|-------------------|
| Негізгі құрал-жабдықтар  | 20,002,141        |
| Материалдық емес активтер  | 568,940           |
| Дебиторлық берешек   | 660,584           |
| Басқа ұзақ мерзімдік активтер  | 1,140,361         |
| <b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>   | <b>22,372,026</b> |
| <b>Қысқа мерзімді активтер</b>   |                   |
| Қорлар   | 7,450,456         |
| Дебиторлық берешек   | 2,819,062         |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар   | 764               |
| Қалдырылған салықтық активтер  | 585,483           |
| Басқа қысқа мерзімдік активтер   | 1,105,607         |
| Ақшалай қаражаттар және оның эквиваленттері  | 1,238,566         |
| <b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>  | <b>13,199,938</b> |
| <b>Барлық активтер</b>   | <b>35,571,964</b> |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>   |                   |
| Алынған қарыздар   | 4,843,000         |
| Қалдырылған салықтық міндеттемелер   | 724,198           |
| Резервтер  | 804,310           |
| Басқа ұзақ мерзімдік міндеттемелер   | 5,515,068         |
| <b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>  | <b>11,886,576</b> |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>  |                   |
| Алынған қарыздар   | 6,837,084         |
| Қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер                                     | 58,409            |
| Кредиторлық берешек  | 2,647,052         |
| Резервтер  | 39,855            |
| Басқа қысқа мерзімдік міндеттемелер  | 65,977            |
| <b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>   | <b>9,648,377</b>  |
| <b>Барлық міндеттемелер</b>  | <b>21,534,953</b> |
| Істен шығу күніндегі жағдай бойынша таза активтер/(міндеттемелер)                    | 14,037,011        |
| Минус: Қалған бақыланбайтын 51% үлестің әділ құны                                    | (11,263,500)      |
| Минус: Амортизацияланған құн бойынша минималды кепіл берілген дивидендтер            | (46,676,358)      |
| Төлем  | 19,972,920        |
| <b>Міндеттемелерді өтеуден және еншілес кәсіпорынның істен шығуынан түскен кіріс</b> | <b>23,929,927</b> |

### 34. ШАРТТЫ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

#### (а) Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу сатысында тұр және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандарына әзірше қол жете қойған жоқ. Топтың, өзінің өндірістік құрылыстарына, өндірістің тоқтауына байланысты, немесе апат немесе Топ қызметінің салдарынан жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген зиянмен байланысты үшінші тараптардың алдында туындаған залалға қатысты толық сақтандыру құралы жоқ. Топтың өзінің барабар сақтандыру өтемі болмайынша, белгілі бір активтерді жоғалту немесе бүлдіріп алу Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына едәуір теріс әсер ету тәуекелі тұрады.



## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

---

### (б) Шартты салықтық міндеттемелер

#### (i) Шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстанның салық жүйесі жаңадан құрылғандықтан, салықтар санының көптігімен (корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және Компания қызметіне айтарлықтай әсері бар басқа да салықтар) және заңнама нормаларының жиі өзгеруімен, көбінесе түсініксіз жазылған және қарама-қайшылығы көп ресми түсініктемелермен және сот шешімдерімен сипатталады. Мұның өзі оларды әртүрлі салық органдарының әрқилы түсінуіне жол береді. Салықтарды есптеудің дұрыс-бұрыстығына қатысты тексерулермен және зерттеулермен қолында айыппұл салу және өсімпұл есептеу құқы бар реттеуші органдар айналысады. Есептік кезеңдегі салықтарды есептеудің дұрыстығы соңғы бес күнтізбелік жыл ішінде тексерілуі мүмкін; алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғайтылуы мүмкін. Қазақстандық түрлі заңнамалық актілер мен нормативтер әруақытта түсінікті жазыла бермейді, және оларды түсіну жергілікті салық органдары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты болып келеді. Мысалы, ҚҚС мақсаттары үшін сату бойынша айналымды айқындауға, корпоративтік табыс салығының мақсаттары үшін белгілі бір шығындарды шегеруге қатысты, сондай-ақ 2009 жылдан бері қолданылып келе жатқан жаңартылған салық кодексінің кейбір баптарының қолданылуына қатысты мәселелер, атап айтқанда, корпоративтік табыс салығының мақсаттары үшін салық салудың туындау сәтін анықтауға қатысты баптар және басқа да мәселелер. Көбінесе жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының пікірлері бір-бірінен алшақ келеді. Мәлімделген және анықталған Қазақстан заңдарын, жарлықтары мен стандарттарын бұзушылықтарға қатысты қазіргі айыппұлдар мен өсімпұлдар салу режимі өте қатал. Әсіресе, қазіргі кезде салық органдары жер қойнауын пайдаланушылар қызметін тексеруге қатысты өте агрессивтік ұстанымды ұстануда. Санкциялар даулы сомаларды тәркілеуді және бұзушылық орын алған әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 2.5 есе мөлшерінде өсімпұл төлеуді міндеттейді. Айып ставкасы салық есептелген күнге дейінгі соманың 50% мөлшерін құрайды. Соның салдарынан өсімпұлдар мен айыппұлдар кез келген дұрыс есептелмеген салық сомасынан бірнеше есе асып түсетін сомаларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Мұндай жағдай басқа елдерге қарағанда Қазақстанда салық тәуекелдерінің әлдеқайда жоғары болуына соқтыруы мүмкін. Топ басшылығы қолданылатын салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін өз тұрғысынан түсіне отырып, салықтық міндеттемелер толық көрсетілген деп есептейді. Сонда да бұл ережелерді тиісті органдардың трактовкасы өзгеше болуы мүмкін және, егер олар өз ұстанымдарының заңдылығын дәлелдеген жағдайда, бұл осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін.

Топ басшылығы осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі өзінің салықтық міндеттемелерін барабар ашты деп есептейді.

#### (ii) Үстеме пайдаға салынатын салық

2009 ж. салық заңнамасы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша күнтізбелік жыл ішінде алынған таза пайдадан, жер қойнауын пайдаланушының ҮПС мақсаттары үшін шегерген сомаларының 25 процентіне тең сомадан асып түсетін мөлшерде ҮПС төлеуге тиісті. ҮПС мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушының шығыстары мыналарды қамтиды:

- есептік жылда мәлімделген корпоративтік табыс салығы бойынша шегерімдер, корпоративтік табыс салығын төлеу мақсаттары үшін белгіленгендей, кез келген Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар мен материалдық емес активтердің есептелген амортизациясын алып тастағанда;
- жер қойнауын пайдаланушының есептік жыл ішінде жер қойнауын пайдалану қызметін жүзеге асыру мақсаттарына арналған кез келген капиталдық шығындары;
- жер қойнауын пайдаланушының бұрнағы жылдары жер қойнауын пайдалану қызметін жүзеге асыру барысында шеккен және есептік жылға көшірілген кез келген пайдаланылмаған операциялық шығындары.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

---

Үстеме пайдаға салынатын салықтың негізі осы терминнің айқындалған мәніндегі және жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша есептелген, үстеме пайдаға салынатын салықтың шегерілген тиісті сомасының 25%-нен асатын таза табыстың бір бөлігі болып табылады. Үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу мақсаттары үшін таза табыс салық салынатын пайда мен корпоративтік табыс салығын төлеу бойынша міндеттеме сомасы арасындағы айырмашылықты білдіреді, мұнда салық салынатын пайда үстеме пайдаға салынатын салық бойынша көрсетілген шығыстардың сомасын шегергендегі жалпы жылдық пайда болып табылады. ҮСП-нің қолданылатын ставкалары, үстеме пайдаға салынатын салық бойынша жылдық табыстың жылдық шегерімге арақатынасына қарай, 10% - тен 60%-ке дейінгі прогрессивті шкала бойынша өзгереді.

Компанияның келісімшарттық қызметтен алатын табыстарының КТС пен ҮСП есептеудің қазіргі әдісімен шығарғанда 20%-ке көбейген, өндірудің өндірістік өзіндік құны ретінде белгіленетінін ескеріп, Топ басшылығы пайданың 20%-тен астам ішкі нормасына көз жетер болашақта жету мүмкін емес деп есептейді.

### *(iii) Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық («ПҚӨС»)*

«Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының жаңа кодексі 2009 ж. бірінші қаңтардан бастап пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықты («ПҚӨС») енгізеді. Жаңа салық бұрыннан бар пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти төлемдерін алмастырады. Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық, уранды қоса алғанда, пайдалы қазбалар өндіретін жер қойнауын пайдаланушылардың барлығына қолданылады.

Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықты есептеуге бір есептік кезеңде, яғни бір күнтізбелік тоқсанда бастапқы өңдеуден өткен, өндірілген пайдалы қазбалардың құны негіз болады. Бастапқы өңдеуден өткен пайдалы қазбалар мүлдем сатылмаған жағдайда, ПҚӨС есептейтін салықтық база 20%-ке ұлғайтылған өндіру мен бастапқы өңдеудің (байытудың) нақты өндірістік өзіндік құнынан алынып айқындалады.

Уранға арналған ПҚӨС ставкасы 2009 жылдан бастап – 17.5%, ал 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап 18.5% құрады.

### *(iv) Трансферттік база белгілеу туралы заң*

2009 жылы 1 қаңтарда өзгертілген және қолданысқа енгізілген Трансферттік база белгілеу туралы заң негізінен тауарлар мен қызметтерді сату бойынша халықаралық іскерлік операцияларымен байланысты халықаралық және ішкі операцияларға қатысты қолданылады. 2013 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша, Компания күшіне енген Трансферттік база белгілеу туралы заңға сәйкес барлық қажетті түзетулерді жүргізді.

2012 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-та 2007 ж. жұмыс кезеңінде трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша құжаттық тақырыптық тексеріс аяқталды. Тексеру қорытындысы бойынша Компанияға 6,390,276 мың теңге көлемінде КТС, айыппұл мен өсімпұл сомасының кем есептелгендігі туралы Тексеру актісі және Хабарлама ұсынылды. Компания КТС бойынша қосымша есептеулермен келіспейді және салық есептеудің заңдылығына жоғары тұрған инстанцияларға, ҚР сот органдарында шағымдану ниетінде. Сол үшін Компания Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына Хабарламаны заңсыз деп тану туралы шағым арыз түсірді. 2013 ж. шілдеде Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты шағымды қанағаттандырудан бас тартты. Компания бұл тексерісті қарау жөніндегі сот процесін жалғастыру ниетінде және басшылық Қазақстан Республикасының салық органдарымен соттық іс қарау өздерінің пайдасына шешіледі деп есептейді. Тиісінше 2013 ж. 30 маусымға ешқандай міндеттеме мойындалған жоқ.

### *(v) Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер*

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2020 жылға дейінгі даму перспективасымен Қазақстан Республикасында атом саласын дамытудың 2011-2014 жылдарға арналған бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес, БН-350 реакторын пайдаланудан алуды, осы жабдықпен байланысты оны одан әрі кәдеге жаратуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға жауапты

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі болып табылады.

Мұның сыртында Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында осы іс-шараларды қаржыландыру көзі Республикалық бюджет деп көзделген. 2013 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның БН-350 реакторлық қондырғысын пайдаланудан алу бойынша заңдық және қаржы міндеттемелері жоқ.

### (г) Кепілдіктер

Кейбір өзара байланысты тараптарды қаржыландыруға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша ең үлкен кредиттік тәуекел 2013 ж. 30 маусымға дейінгі жағдай бойынша 38,309,685 мың теңгені (2012 ж. 31 желтоқсанда 38,265,908 мың теңге) құрады. Басшылық жоғарыда ескертілген кепілдіктерден ықтимал міндеттемелер туындауына қатысты бағалау жасады, және 2013 ж. 30 маусымға дейінгі жағдай бойынша міндеттемелерді мойындамауға ұйғарды.

## 35. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМҢЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

### (а) Бақылау қатынастары

Компания Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 14 шілдедегі № 3593 Жарлығына сәйкес құрылды. Компания Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 ж. 13 қазандағы № 669 Жарлығына сәйкес 2009 ж. 19 қаңтардан бастап «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Акционер) Компанияның жалғыз акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ толығымен Қазақстан Республикасының Үкіметінің иелігінде.

### (б) Басшы қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің қатысуымен жүргізілетін операциялар

Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы директорлар, департамент басшылары мен олардың отбасы мүшелерінің Топтың дауыс қосу құқығын беретін бақылау пәрмені мен акциялары жоқ, өйткені акциялардың 100%-і Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі.

### (і) Басшы қызметкерлерге берілетін сыйақылар

Есептік жылда топтың басты басшы қызметкерлері алған сыйақылар мынадай сомаларды құрап, олар персоналға арналған шығындар құрамында көрсетілді.

|                          | 6 айдың ішінде<br>2013 ж.<br>30 маусым | 6 айдың ішінде<br>2012 ж.<br>30 маусым |
|--------------------------|--|--|
|                          | мың теңге                              | мың теңге                              |
| Жалақы және сыйлықақылар | 735,033                                | 704,769                                |

Топтың өзара байланысты тараптармен операциялары мына кестелерде ашылады. Мемлекеттік компанияларға қатысты, Топ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ («Аналық компания») компаниялар тобымен жүргізілген операцияларды ғана ашады.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)

(в) *Өзге де өзара байланысты тараптардың қатысуымен жүргізілетін операциялар*

(i) *Табыстар*

| мың теңге  | мәміле<br>сомасы                          | есептеулер<br>бойынша<br>қалдық<br>2013 ж.<br>30 маусым | мәміле<br>сомасы                          | есептеулер<br>бойынша<br>қалдық<br>2012 ж.<br>31 желтоқсан |
|--|---|---|---|--|
|  | 6 айдың<br>ішінде<br>2013 ж.<br>30 маусым |   | 6 айдың<br>ішінде<br>2012 ж.<br>30 маусым |  |
| <i>Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату:</i>       |   |   |   |  |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар                            | 10,834,244                                | 4,137,885   | 9,031,919                                 | 4,332,721  |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар                         | 5,989,710                                 | 7,685,386   | 5,763,335                                 | 881,809  |
| Сіңілі компаниялар                                       | 8,537,780                                 | 302,053   | 6,399,133                                 | 332,726  |
| Өзгелері   | 952,270                                   | 584,818   | -   | 1,833,416  |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар жариялаған дивидендтер     | 12,699,798                                | 12,699,799  | 18,102,779                                | -  |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар жариялаған дивидендтер | 9,426,959                                 | 7,176,959   | 2,852,455                                 | -  |
| Басқа да байланысты кәсіпорындар жариялаған дивидендтер  | -   | -   | -   | -  |
|  | <b>48,440,761</b>                         | <b>32,586,900</b>                                       | <b>42,149,621</b>                         | <b>7,380,672</b>   |

Операциялар бойынша байланысты тараптар жасаған барлық есептеулер есеп берілген күннен кейін алты айдың ішінде ақша қаражатымен төлеуге жатады. Бұл берешектің барлығы кепілмен қамтамасыз етілмеген болып табылады.

(ii) *Шығыстар*

| мың теңге  | мәміле<br>сомасы                          | есептеулер<br>бойынша<br>қалдық<br>2013 ж.<br>30 маусым | мәміле<br>сомасы                          | есептеулер<br>бойынша<br>қалдық<br>2012 ж.<br>31 желтоқсан |
|--|---|---|---|--|
|  | 6 айдың<br>ішінде<br>2013 ж.<br>30 маусым |   | 6 айдың<br>ішінде<br>2012 ж.<br>30 маусым |  |
| <i>Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату:</i> |   |   |   |  |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар                      | 24,103,717                                | 11,625,197  | 2,773,279                                 | 20,431,882   |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар                   | 12,972,975                                | 5,055,777   | 5,990,936                                 | 10,658,013   |
| Сіңілі компаниялар                                 | 13,515,939                                | 2,968,590   | 12,420,671                                | 4,139,782  |
| Акционерге дивидендтер                             | -   | -   | -   | 11,750,664   |
| Басқалар   | 1,107                                     | 109,550   | -   | 1,211,691  |
|  | <b>50,593,738</b>                         | <b>19,759,114</b>                                       | <b>21,184,886</b>                         | <b>48,192,032</b>  |

Өзара байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша барлық есеп айырысулар есеп беру күнінен кейін алты айдың ішінде ақша қаражатымен төленуге тиісті. Бұл берешектің бәрі кепілмен қамтамасыз етілмеген болып табылады.

## **«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2013 Ж. 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІ  
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР  
(АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛІНГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)**

---

### **(г) Баға белгілеу саясаты**

Өзара байланысты тараптар арасындағы мәмілелерде баға белгілеу 2008 ж. 5 шілдедегі «Трансферттік баға белгілеу туралы» Заңға және ҚР Үкіметінің 2008 ж. 3 ақпандағы №74 қаулысымен бекітілген Табиғи уран концентратына (U3O8) баға белгілеу ережесіне (әдістемесіне) сәйкес «салыстырмалы бақылаусыз баға» әдісіне негізделеді.

### **36. ЕСЕП БЕРУ КҮНІНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒА**

2013 ж. шілдеде «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 18 маусымдағы қаулысының негізінде, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жалғыз акционері «Тау-кен компаниясы» ЖШС-ны «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-қа қосу туралы Шартты бекітті.

2014 ж. ақпанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жалғыз акционері және «Тау-кен компаниясы» ЖШС жалғыз қатысушы оған «Тау-кен компаниясы» ЖШС-ті қосу арқылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ды қайта ұйымдастырумен байланысты Өткізу актісін бекітті. Өткізу актісіне сәйкес «Тау-кен компаниясы» ЖШС «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-на барлық құқықтары мен міндеттемелерін берді.

2013 ж. тамызда Компания 2,591,738 мың рубль сомасына «Уранды байыту орталығы» ЖАҚ қарапайым акцияларын сатып алды. Бұл сатып алу 50% меншік үлесін өзгертуге соқтырмайды.

2013 ж. шілдеде Компания 2012 ж. акциялардың пакеттеріне арналған дивидендтерді төлегені туралы жария етті. Бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 208 теңге 14 тиынды, жалпы сома 7,637,242 мың теңгені құрады. Төлем 2013 жылдың желтоқсанында Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-тың банктік есепшотына аудару арқылы жүргізілді.

2014 ж. сәуірде Компания 2013 ж. акциялардың пакеттеріне арналған дивидендтерді төлегені туралы жария етті. Бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 146 теңге 78 тиынды, жалпы сома 5,385,581 мың теңгені құрады. Төлем 2014 жылдың 11 шілдесінен 31 желтоқсанға дейін Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-тың банктік есепшотына аудару арқылы жүргізіледі.

2013 ж. 30 шілдеде Компания Société Générale банкінде 60 млн. АҚШ доллары сомасына жаңғыртылатын кредит желісін ашу жөніндегі Société Générale Банкінің кредиттік құжаттамасына қол қойды. Кредиттік желі 1 жыл мерзімге қамтамасыз етусіз берілді. Компания бұл қаражатты айналымдағы қаражатты толықтыру мақсатында жұмсайтын болады.

2014 ж. қаңтарда Компания Mizuho Nederland N.V. банкінде кредит желісінің шеңберінде 50 млн. АҚШ доллары сомасында қысқа мерзімді қарыз алды.

2014 жылдың 11 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі теңгенің айырбас бағамын қалыптастыру процесіне араласуын уақытша қысқарту туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде 2014 ж. 12 ақпанның ішінде теңгенің нарықтық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 184.55-ке дейін, яғни шамамен 19%-ға төмендеді. Жалпы қаржы нарығы мен экономиканың тұрақсыздануын болдырмау үшін, Ұлттық банк 1 АҚШ доллары үшін 182-188 теңге ауқымында АҚШ долларына қатысты теңге бағамының ауытқы дәлізін белгілеуді жоспарлап отыр.

2014 ж. 26 маусымдағы жағдай бойынша АҚШ долларына теңгенің ресми бағамы 183.51 теңгені құрады. Алайда теңгенің айырбас бағамының серпініне және Ұлттық банктің одан арғы әрекетіне, сондай-ақ Қазақстанның экономикасына осы факторлардың әсеріне қатысты тұрлаусыздық бар.

Компания басшылығы ұлттық валютаның құнсыздануы Топтың қаржылық жағдайының төмендеуіне әкелмейді, өйткені Топ өнімінің басым бөлігі экспорталады деп есептейді. Алдын-ала есептеу бойынша АҚШ долларына қатысты бағамның өсуі кіріс бөлігінің өсуіне, шығыс бөлігінің аз өсуіне және операциялық пайданың едәуір өсуіне әкеледі.